# «Қазақстанда салық жүйесіндегі алымдар мен жергілікті салықтардың орны мен ролі».

## Сабақтың мақсаты:

- *студенттерді аймақтағы салықтар мен алымдардың қалыптасу  мәні даму тарихымен таныстыру*

## •Негізгі сөздер:

- *салық, аймақ, қағидалар,  қоғам.*

# Тақырып компитенциясы

**Білу керек: аймақты салықтық қамтамасыз етдуіңбюджет жүйесінің мәні мен әдістемелік, тәжірибелік негізгі рөлін оқып үйрену.**

**Атқара білу керек:** салықты қамтамасыз етдудің іс-әрекеті кезінде қызмет етуінің, экономикалық және ұйымдастырушылық формалары мен мемлекеттің қаржылық жоспарын, мемлекеттің әр түрлі қызметтеріне тәжірибе жүзінде пайдалана білу.

**Меңгеру керек:** аймақтағы жергілікті салықтардың функциялары, олардың әрекет ету ерекшеліктері мен салық жүйесінің, әдіс тәсілдерін меңгеру.

# Негізгі сұрақтар:

- 1.Өзіндік қаржылық принципі.
- 2. Жергілікті бюджетке жергілікті салықтың түсу көрсеткіші.

*Қазақстан Республикасында Бюджет Кодексіне сәйкес  кәсіпорындарға, ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға екі деңгейлі  салық салу жүйесі енгізілген.*

**Бірінші деңгейі** - бұл Республикалық салықтар. Олар бүкіл елдің аумағында әрекет етеді және республикалық бюджеттің кіріс бөлігінің негізін қалыптастырады және олардың есебінен жергілікті бюджеттердің кіріс көздері, өйткені бұл ең, қаржы тұрақтылығына қолдау көрсетіледі;

**Екінші деңгейі** - салықтар (жергілікті салықтар)- облыстардың, аудандардың, республикалық маңызы бар қалалардан түсетін салықтар түрі.

***Жергілікті салықтар*** - бұл жергілікті билік органдары және жергілікті бюджеттердің кірісіне түсетін,алынатын салықтар мен алымдар, және (немесе) өздерінің ведомстволық  аумақтары бойынша белгіленген төлемдер.

# Бұл ретте республикалық және жергілікті бюджеттердің өзара іс-қимылы мынадай түрде реттеледі:

республикалық және облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті арасында:

- ресми трансферттермен
- бюджеттік кредиттермен

республикалық және облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті арасында:

- бюджеттік кредиттермен
- кірістерді бөлу нормативтерімен
- ресми трансферттерме н

# Қазақстанда салық жүйесіндегі жергілікті салықтар мынадай принциптерге негізделе отырып өз қызметін жүзеге асырады:

- Айқындылық принципі
- Жариялық принципі
- Әділділік принципі
- Міндеттілік принципі
- Біртұтастылық принципі

# Жергілікті салық-бюджет саясатының негізгі стратегиялық міндеттері мыналар болып табылады:

- Бюджетаралық трансферттерді жүйесін жетілдіру
- Салықтық түсімдердің деңгейін 30% өсіру
- Салық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету
- Салық заңнамасын жетілдіру
- Бюджет ашықтығын қамтамасыз ету
- Салықтық жеңілдіктерді жүйелеу

Бюджетке түскен салықтар мен алымдар аумақтық бюджеттерге келесідей негізгі бағыттары бойынша қаржыландыруды қамтамасыз етеді:

**Қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік**

**Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету**

**Денсаулық сақтау**

**Тұрғын үй және коммуналдық-шаруашылық**

**Көлік және коммуникация**

**Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер**

# Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіндегі 50-бапқа сәйкес жергілікті салықтар мен алымдарға мыналар жатады:

- облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы
- тіркелген салық
- облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық
- Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін
- Жеке және заңды тұлғалардың мүлік салығы
- жер салығы
- дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым
- жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы
- облыстық маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін алым;
- жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы

**Қорыта келе, аймақты салықтық қамтмасыз ету** ол – мемлекет қазынасын толтырудың, экономиканы дамытудың негізгі көзі болып табылады.

**Аймақтағы салықтар** – шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекетпен екі арадағы мемлекеттік орталықтандырылған қаржы көздерін құруға байланысты туындайтын қаржылық қатынастарды сипаттайтын экономикалық категория.

**Тарихымызда** „Салық Кодексін” Қазақстан Республикасымен қатар ТМД елдері де қабылдады. Елімізде „Салық Кодексі” қабылданбас бұрын, салық заңы 45 заңдардан және Қазақстан Республикасы Президентінің үш жарлығынан құралған. Салық реформасын жүргізбес бұрын ең алдымен оның стратегиялық мақсаттарын, негізгі бағыттарын және өткізу мерзімін анықтау керек.

# Бақылау сұрақтары

- 1.Жергілікті салықтар мен алымдар дегеніміз не?
- 2. Қазақстандағы жергілікті салықтарының қалыптасуы.

# Қолданылған әдебиеттер

**1. Нурумов А.А «Салық және салық салу»: Оқу құралы – Астана, 2010ж.**

**2. Нурумов А.А., Бекболсынова А.С. Налоговый контроль:Учебное пособие – Астана, 2010 ж**

**3. Местное наогии Нурумов А.А., Исаева А.Т Оқу құралы2011ж**

**Қосымшаоқу әдебиеттері**

1. Жампазова Д. Порядок отработки результатов камерального контроля //Вестник налоговый службы РК. – 2010. - № 3

2 .Алиева А. Эфективность камерального контроля // Вестник налоговый службы РК. – 2010. -№3